

## Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 49 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 ақпанда № 9778 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-1-бабының 2-тармағына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "North Gold Mining Limited" жеке компаниясына пайдалы қазбаларды барлау операцияларын жүргізу үшін Жітіқара ауданы Мұктікөл ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы алаңы 27189 гектар жер участеклеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес "Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының әкімі

А. Ибраев